

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ  
ХАТТАМАСЫ**

Арқалық қаласы

«16» сәуір 2026 жыл

*өткізілген уақыты:  
сағат 10:00-де*

**Төрайымы:**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы  
«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ  
басшысының міндетін атқарушы

Ж. Кожакова

**Хатшы:**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы  
«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ  
заңгер-кеңесшісі

Ә. Оспанғали

**Қатысқандар:** 17 адам (хаттаманың № 1 қосымшасына сәйкес)

**МАЗМҰНЫ:**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитеті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына арналған қызметкерден сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама түскен кездегі іс-қимылдар алгоритмі және оны қорғауды қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар.

**ТЫНДАЛДЫ:**

**1. Сотталған М.Қ.Қайдарға қатысты қылмыстық іс бойынша 2026 жылғы 3 сәуірдегі Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының жекеше қаулының көшірмесімен таныстыру.**

**Хатшы Ә.Оспанғали:**

2026 жылғы 3 сәуірдегі Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының үкімімен азамат Қайдар М.Қ. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабы 3-бөлігі 1,4-тармақтары бойынша кінәлі деп танылып, 4 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасына сотталғанын хабарлады.

Сотта анықталғандай, Қайдар М.Қ. педагог қызметкерлерге белгілі бір сыйақы үшін жоғары оқу орындарына, соның ішінде Еуразия ұлттық университетіне грантқа түсуге, факультет ауыстыруға, сондай-ақ IELTS, ҰБТ

және біліктілікті арттыру тесттерінен жоғары балл алуға көмектесетінін уәде еткен.

Нәтижесінде, жәбірленушілер – мектеп мұғалімдері, директорлар және олардың орынбасарлары – алдау жолымен ұсынылған қызметтерге сеніп, оған ақшалай қаражат аударғаны анықталған.

Сот аталған құқық бұзушылықтың орын алу себептерінің бірі ретінде профилактикалық және түсіндіру жұмыстарының жеткіліксіз жүргізілгенін, сондай-ақ уәкілетті органдар мен құқық қорғау органдары арасындағы үйлестіру жұмыстарының әлсіздігін атап өтті.

Осыған байланысты сот Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің назарына тиісті шаралар қабылдау қажеттігін жеткізген.

Жекеше қаулы білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын күшейту мақсатында жолданғаны атап өтілді.

***2. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына арналған қызметкерден сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама түскен кездегі іс-қимылдар алгоритмі және оны қорғауды қамтамасыз ету бойынша әдістемелік ұсынымдар.***

**Хатшы Ә.Оспанғали:**

Мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларына арналған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама түскен кездегі іс-қимылдар алгоритмі және хабарлаушыны қорғау жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың мазмұнымен таныстырды.

Атап айтқанда, аталған ұсынымдарда басшылардың іс-қимылдарының бірыңғай тәртібі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған қызметкерлерді қорғау тетіктері айқындалғаны баяндалды.

Ұсынымдардың құқықтық негізі ретінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы, Еңбек кодексі және өзге де нормативтік құқықтық актілер көрсетілгені айтылды.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларды қабылдау арналары (жеке қабылдау, уәкілетті тұлғалар арқылы, электрондық жүйелер, сенім телефондары, анонимді порталдар және т.б.) түсіндірілді.

Басшының мұндай хабарламалар түскен жағдайда оларды қабылдауға міндетті екендігі, ақпараттың құпиялылығын сақтау қажеттігі және уәкілетті органдарға, оның ішінде 1424 колл-орталығы арқылы жедел хабарлау керектігі атап өтілді.

Сондай-ақ, хабарлама фактісін жазбаша түрде рәсімдеу тәртібі мен онда көрсетілуі тиіс мәліметтер түсіндірілді.

Қызметкерлерді қорғау шаралары бойынша олардың құқықтарын сақтау, кемсітушілікке жол бермеу, дербес мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету қажеттігіне ерекше назар аударылды.

### **3. Қызметкердің құқықтары мен міндеттері**

#### **Хатшы Ә.Оспанғали:**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері туралы баяндады.

Атап айтқанда, қызметкер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлаған жағдайда, оның еңбек құқықтары мен заңды мүдделері үш жыл бойы қорғалатыны түсіндірілді. Сонымен қатар, қызметкердің жеке деректерінің құпиялылығы толық қамтамасыз етілетіні және оны жария етуге жол берілмейтіні атап өтілді.

Қызметкердің сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша хабарламасының қаралу нәтижелері туралы ақпарат алуға, сондай-ақ уәкілетті органдардың шешімдеріне шағым жасауға құқығы бар екені айтылды.

Сондай-ақ, қызметкердің өз құқықтарын қорғау мақсатында уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіну мүмкіндігі қарастырылғаны жеткізілді.

Бұдан бөлек, қызметкердің міндеттері ретінде берілген ақпараттың құпиялылығын сақтау, жалған ақпарат таратпау және заңнама талаптарын сақтау қажеттігі атап өтілді.

Ескерту ретінде, көрінеу жалған ақпарат берген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылатыны түсіндірілді.

### **ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:**

1. 2026 жылғы 3 сәуірдегі Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының жекеше қаулысы назарға алынсын.

2. Білім беру ұйымдарының қызметкерлері арасында алаяқтық әрекеттердің алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында түсіндіру жұмыстары күшейтілсін.

3. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар басшыларына арналған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама түскен кездегі іс-қимылдар алгоритмі басшылыққа алынсын және қатаң сақталсын.

4. Жоғарғыда баяндалған мәтіндер білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне таныстырылып, орындалған жұмыс туралы ақпаратты *(хаттама, танысу парақтары мен фото-бейне жазбалар)* **2026 жылдың 16 сәуірінде сағат 15:00-ге дейін** Арқалық қаласының білім бөліміне жолдансын.

5. Осы хаттаманы орындалуын бақылау Арқалық қаласының білім бөлімінің заңгер-кеңесшісі Ә.Оспанғалиге жүктелсін.

*Аяқталу уақыты: сағат 11:00*



№ п/п	Мекеме атауы	Т.А.Ә.
1	«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ	Булат У.М.
2	«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ	Орынтөлеп А.Ж.
3	«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ	Әнуар Н.Е.
	«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ	Ахатова А.А.
4	Арқалық қаласы білім бөлімінің Ш. Уәлиханов атындағы № 1 жалпы орта білім беретін мектебі директоры	Бикенова Ш.Х.
5	Арқалық қаласы білім бөлімінің Әлихан Бөкейхан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі	Мухамедиярова Г.Т.
6	Арқалық қаласы білім бөлімінің М. Әуезов атындағы № 5 жалпы орта білім беретін мектебі директоры	Байшев М.А.
7	Арқалық қаласы білім бөлімінің Абай Құнанбаев атындағы № 6 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясы	Ешмғалиев С.К.
8	Арқалық қаласы білім бөлімінің Б. Майлин атындағы № 3 жалпы орта білім беретін мектебі	Балтабаева И.Қ.
9	Арқалық қаласы білім бөлімінің № 8 жалпы білім беретін негізгі мектебі директоры	Дуйсенбаева Л.А.
10	Арқалық қаласы білім бөлімінің № 10 жалпы орта білім беретін мектебі	Кабажаев Е.Е.
11	Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы № 4 жалпы орта білім беретін мектебі	Ахметкалиева М.Б.
12	Арқалық қаласы білім бөлімінің А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясы	Какенова С.Т.
13	Арқалық қаласы білім бөлімінің № 2 жалпы орта білім беретін мектебі	Каркимбаева Ж.М.
14	Арқалық қаласы білім бөлімінің Т. Әубәкіров атындағы жалпы негізгі білім беретін мектебі	Курмашева А.А.
15	Арқалық қаласы білім бөлімінің № 7 жалпы орта білім беретін мектебі	Ахметова С.С.
16	Арқалық қаласы білім бөлімінің Ы. Алтынсарин атындағы гимназиясы	Жанабаева Т.М.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлама түскен кездегі  
іс-қимылдар алгоритмі және оны қорғауды қамтамасыз ету бойынша  
әдістемелік ұсынымдар бойынша  
**ТАНЫСУ ПАРАҒЫ**

№ п/п	Мекеме атауы	Т.А.Ә.	ҚОЛЫ
1	Арқалық қ. білім бөлімі	Қотасқова Н.Х	
2	Бикенова Ш. №1 ЖББМ.	Бикенова Ц.Х	
3	А.Төкпейхан ЖББМ	Мухамедиярова Т.Т	
4	Бәйшев М. А.	Сш №5.	
5	А.Қуранбаев ШТ	Есенташев С.К	
6	№3 мектеп	Балтабаева И.Ғ.	
7	Арқалық қаласы білім бөлімі №8 Н.М	Дүйсебаева Л.А	
8	№10 мектеп	Қабанов Ә.Ә	
9	Кейкі бастап ат №4 ЖББМ	Ахметқашықов М.Б	
10	А. Байтурсинов итандық бастауыш. бақылау с.т.		
11	№2 ЖББМ	Қаркыбаева Ж.М	
12	Т.Дубасқов атандық н.о.м	Қурманова А.А.	
13	№9 ЖББМ	Велисегова С.С.	
14	Ст. Шимария	Жанбаева Ш.М	
15	Арқалық қаласы білім бөлімі	Бұлатов Ғ.М	
16	Арқалық қаласы білім бөлімі	Сыртқалиев А.К.	
17	Арқалық қаласы білім бөлімі	Ісупов Н.Е.	

Жауапты тұлға

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының

«Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ

заңгер-кеңесшісі

Оспанғали Ә.К.

«16» сәуір 2026 жыл















